10 Автоматтандырылган жобалау жүйесі және автоматтандырылган өндіріс жаңа өнімді әзірлеуге жеңілдетті және өндірістің экономикалық тиімділігін арттырды. Аталған технологиялар компанияларға шағын клиент топтарының қажеттіліктеріне сәйкесінше өнімдерді әзірлеуге және өндіруге мүмкіндік береді және өндіріс циклдерін қысқартып, өндіріс шығындарын азайтады.	31.03.2018 11:38:23	Редактура	Aknu' Zhidabek'Yuz	Ручной ввод
9 Автоматтандырылган жобалау жүйесі және автоматтандырылган өндіріс жаңа өнімді әзірлеуге және өндіруге жеңілдетті және өндірістің экономикалық тиімділігін арттырды. Аталған технологиялар компанияларға шағын клиент топтарының қажеттіліктеріне сәйкесінше өнімдерді әзірлеуге және өндіруге мүмкіндік береді және өндіріс циклдерін қысқартып, өндіріс шығындарын азайтады.	20.03.2018 2:45:54	Перевод	Sajabek Ziyadin	Ручной ввод

Аударма және редакциялау барысын қадағалап отыру мүмкіндігі

Аударма, редакциялау және корректура жүргізуге ыңғайлы орта

Аударманы автоматты түрде тексереді, енгізілген мәтін мен глоссарийден сәйкес баламалар ұсынады



# ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Заманға сай сапалы білім



openu.kz

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Курстар Жоба туралы Жобаны қалау Байланыс

Кіру

Баршаға қолжетімді  
онлайн-курстар  
Қазақстанның ашық университеті

Курсты іздеу

SDU

SAITBAYEV UNIVERSITY

БАРЛЫҚ КУРСТАР

Жаңа

Тегін

Web-бағдарламалау негіздері

Жаңа

Тегін

Введение в компьютерные науки на языке Java

Жаңа

Тегін

Матрицалар және анықтауыштар

Жаңа

Тегін

Философия

Жаңа

Тегін

Scratch бағдарламалау тілімен анимация және ойын құру

Жаңа

Тегін

Python тілінде бағдарламалау негіздері

Баршаға қолжетімді  
онлайн-курстар  
Қазақстанның ашық университеті

Курсты іздеу

Kcell



"Digital Kazakhstan" state program

ҰЛТТЫҚ  
АУДАРМА  
БЮРОСЫ  
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ



ЖАҢА БІЛІМ  
ЖАҢА БОЛМЫС

NEW KNOWLEDGE  
NEW IDENTITY





АУДАРЫЛҒАН  
ОҚУЛЫҚТАРДЫ  
ҚОЛДАНАТЫН  
УНИВЕРСИТЕТТЕР

---



HARVARD  
UNIVERSITY



UNIVERSITY OF  
OXFORD




Stanford  
University



UNIVERSITY OF  
CAMBRIDGE



PRINCETON  
UNIVERSITY



Cornell University



Yale University



# ӘРІПТЕС БАСПАЛАР

—



**CAMBRIDGE**  
UNIVERSITY PRESS

**OXFORD**  
UNIVERSITY PRESS




**macmillan**  
education



**Pearson**



**Taylor & Francis**  
Taylor & Francis Group

B L O O M S B U R Y 



ИЗДАТЕЛЬСТВО  
**СЛОВО/SLOVO**



**CENGAGE**  
Learning™



**NORTON**

 **SAGE**  
Publishing

**WORLD  
ECONOMIC  
FORUM**

COMMITTED TO  
IMPROVING THE STATE  
OF THE WORLD

**Mc  
Graw  
Hill**  
Education

**SW**   
SOUTHWESTERN

# Реми Хесс



Философия ғылымдарының  
докторы, профессор

UNIVERSITÉ  
**PARIS 8**  
VINCENNES-SAINT-DENIS

Қазақстандық әріптестерім кітабымның қазақ тіліндегі басылымына алғы сөз жазып беруімді өтінді.

Өзім іштей «Философиялық сәттің қалыптасуы» деп атаған толғанысымды бастамастан бұрын, алдымен, осы кітаптың қалай дүниеге келгені жөнінде бірер ауыз сөз айтқым келеді. Бұл – жас ұрпақтың философиямен алғаш танысуына көмектесуге арналған кітап. Философия – өзінше бір тылсым



*Осы уақытқа дейін менің еңбектерім он екі тілге аударылған еді. Мен үшін енді қазақ тілі де жаңа бір мәдениетке жол ашқан қақпаға айналды. Кітабымның қазақ тілінде жарық көруінің арқасында осы еңбегімді Францияда тағы да қайта басып шығарсам деген ой туды. Сондай-ақ, бұл кітаптың жалғасын жазғым келеді. Мен оны «Қазіргі гуманитарлық ғылымдардың таңдаулы 25 кітабын» жазу арқылы толықтырмақ ойдамын.*



әлем, сондықтан да оның тұңғығына бойлау үшін, мысалы, жаңа тілдің әлеміне бойлағандай тиянақты дайындықпен келу керек. Мен үшін ол – француз тілі болды. Өмір бойы неміс, испан, ағылшын, итальян, португал авторларының кітаптарын көп оқысам да, менің мәдениетімнің негізгі алтын тұғыры француз философиясы болып қала бермек.

#### Кітаптың жазылу тарихы

1994 жылы жазушы, Париждік коллекциялардың бірінің директоры, әрі көршім Поль Дезальман Чарльз Дарвиннің шығармашылығын зерттеуші француз маманы Патрик Тордан менің «Философ тұлғалар сөздігіне» (Dictionnaire des philosophes) (PUF, 1984) қазіргі 60 философтың өмірбаяны туралы мақалалар жазғанымды естіп, философияның таңдаулы 25 кітабы туралы еңбек жазуымды өтінді.

Мұндай ұсыныс, әрине, мен үшін тосын болды. Мен зерттеу жұмыстарын жариялаумен 1974 жылдан айналысып келемін. Ал бұл жолы жас оқырмандар мен студенттерге, кезінде маған көмегі тиген еңбектер негізінде, енді оларға жәрдем болатын, философия туралы алғашқы көзқарас қалыптастыратын кітаптар туралы баяндау керек еді... Философияға арналған дидактикалық еңбек туралы сөздің қозғалуы осыдан басталды. Университет қабырғасында алған философиялық білімім (Андре Акун, Ален Бадью, Франсуа Реньо, Анри Лефевр, Поль Рикер, Жорж Лапассад, Рене Луро, Корелиуа Касториадис және т.б. дәрістерін тыңдадым) элеуметтану, құқық, антропология, тарихпен, тіпті, экономика салаларымен толықты...

Меніңше, философия өзінше ерек болса да, ол

өзін қоршаған әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдармен диалектикалық байланыста дамиды. Сонымен қатар, бұл шығарманы жазу туралы өтініш түскен сәттен-ақ мені: «Мұндай кітап жазуға жетер білігім бар ма?» деген сұрақ алаңдатты. 1994 жылы мектептің соңғы сыныбына өткен 14 жасар қызым Шарлотта мектеп бағдарламасы аясында философия және гуманитарлық ғылымдармен танысатын болды. Бұл да күмәнді сөйлеп, жұмысқа бел шешіп кірісуге септік етті. Осылайша қызымның философиямен алғаш танысуына бастау болады-ау деген аса маңызды авторлар жайлы баяндайтын кітапқа кірістім.

Оның тұңғыш басылымы 1995 жылы (10 000 данамен) жарық көрді. 1996 жылы кітап жаңа қалыпта қайтадан басылып шықты. Габон университетінде жұмыс істейтін психология профессоры Опапе Онанге бұл туындыны, тіпті, 2002 жылғы цифрлық нұсқасында оқығанын айтқан еді!

Бұл менің өмірімдегі аса жемісті кезең болды. Сол кездері мен зерттеу күнделігі мәселесімен шұғылдандым. Күнделік жазу технологиясы туралы кітап жазып, студенттерге ұсынатын осы әдісті түсіндіру үшін бірнеше күнделігімді қоса жарияладым. Париждің үлкен оқу орнының (8 Париж университеті) оқытушысы болдым. Жыл сайын жүздеген студент дәрістерімді тыңдауға келетін. Қазір, 20 жыл өткен соң, 80-нен аса зерттеу еңбектерін жариялап, құрметті профессор атанғаннан кейін, «Философияның таңдаулы 25 кітабы» еңбегімнің өзектілігін арттыру үшін қайта қарауға тиіс болып отырмын.

**2017 жылдың шілде айында «Ұлттық аударма бюросынан» (Астана, Қазақстан) хабарласып, осы шығарманы қазақ тіліне аударуға рұқсат беруімді сұрады. Біз күн сайын ағылшын тілінде хат жазысып отырдық...**

**Мен болашақ қазақ оқырмандарының жағдайын ойлап, өзімнің кітабымды аздап**

**өзгертуді ұсындым. Нақтырақ айтсам, 25-тарауды өзгертемін деп шештім. Осы еңбегіме Жорж Лапассадтың «Өмірге ену» атты шығармасын (L'entrée dans la vie) қосқым келді. Бұл – жаңа тарау. Ол француз тіліндегі басылымында жоқ. Менің пайымдауымша, қазақ оқырманына өзім ол туралы көп жазған осы ойшылмен танысу қызықты болар еді.** Ол - әлеуметтік институттардың теориясын құрушы ретінде танылды. Оның адам туралы толғаныстары біздің толассыз жаңарып отыратын биологиялық, ұжымдық, әлеуметтік және т.б. өмір салаларына енуіміз жөніндегі тұжырымдарымыз үшін аса маңызды деп білемін.

**Енді Қазақстандық Ұлттық аударма бюросы мені осы кітабымның қазақ тіліндегі басылымына алғысөз жазып беруімді өтінді. Астанада өтетін екі іс-шараға қатысуға шақырды. Гуманитарлық сала бойынша әлемнің әртүрлі тілінен қазақ тіліне 100 оқулық аударуға арналған халықаралық конференция мәжілісінде баяндама жасауымды сұрады. Сонымен бірге, университетте философиялық сәтті қалыптастыру жайында сөз сөйлеуім қажет болды.**

Осыған байланысты қазақ тіліне аударылатын осы еңбегімнің қайта жаңғыруы туралы және оның өмірімдегі философиялық сәтті туғызуға ынталандырудың маңызы жайында біраз толғандым...

Бұл кітаптың қызым Шарлоттаның философиямен танысуына қаншалықты оң ықпалы болғаны жөнінде де ойландым. Философия кәсібін таңдамаса да (қызым биші және хореограф) ол Ален Бадью, Жак Рансердің... курстарын тыңдады. Сонымен бірге, философия магистрі дәрежесін алды. Философ Валентен Шапелинкомен бірге философия туралы радиохабарлар жүргізді... Сондай-ақ, Мишель Фуко шығармашылығын зерттейтін Еуропалық белді мамандардың бірі, итальян философы Люк Палтриньериге тұрмысқа шықты.

Қызым В.Бенджамин туралы мақалалардың да авторы. Осылайша философия менімен қоса қызымның да өмірінде аса маңызды мәнге ие болды. Бұған менің осы кітабымның да септігі тиюі әбден мүмкін.

Кітаптың қазақ оқушылары мен студенттеріне арналатындығын білген кейбір әріптестерім (мысалы, Париж католиктік институтының профессоры Огустен Мютюаль, сондай-ақ, Мехико университетіндегі Анри Лефевр ілімін зерттеушілер Апук Хернанда мен Роландо Еспиноза) маған «Иә! Бұл шынымен тамаша кітап!» деп қошемет көрсетті...

Маған ол туралы пікір айту қиын. Менің ойымша, біздің шығармаларымыз бізден тәуелсіз, өзінше өмір сүреді. Олардың кейде өте баяу, енді бірде бұралаң жолмен дамиды өзіндік ерекше тағдырлары бар. Кез келген ұмыт болған немесе жоғалған шығарма кейде жаңадан танымалдыққа ие болуы да мүмкін. Ж.Лапассад Шарль Бодлердің (1857) «Зұлмдық гүлдерінің» бірінші басылымының бар-жоғы 30 данасы ғана сатылғанын жиі еске алатын.

Кітабымның қазақ тілінде жарық көруінің арқасында, осы еңбегімді Францияда тағы да қайта басып шығармақ ниетім бар. Сондай-ақ, бұл кітаптың жалғасын жазғым келеді! Мен оны «Қазіргі гуманитарлық ғылымдардың 25 таңдаулы кітабын» жазу арқылы толықтырмақ ойдамын...

Өзімнің қазақ оқырмандарыма менің өмірімде философияның жарқын сәті болғаны үшін бақытты екенімді білдіремін. Қоғамда философтар, философия профессорлары бар. Сонымен бірге, қоғам өмірінің өзге салаларында еңбек ететін философия кәсібіне қатысы жоқ адамдар да жеткілікті. Экономист, архитектор, мұғалім, мейірбике, ауылшаруашылығы қызметкері, музыкант... немесе такси жүргізушісі болып-ақ философиямен етене жақын өмір сүруге болады. Философия бізді

оқуға, жазуға, өмір сүруге және ойлауға тәрбиелейді...

Біздің әрқайсысымыз философиялық сәулелі сәтке қалай енетініміз туралы толғана отырып, осы сөздерді мен Астанада қайталап айтқым келген.

### **Өзіміздің философиялық сәтімізді қалай жасаймыз?**

Француз философы Анри Лефевр (1901-1991) «Жиынтық пен қалдық» деп аталатын кітабының бір тарауын «философиялық сәтке» арнайды. Адам ғұмыры сәттерден тұрады, дейді ол: бұл жұмыс, отбасы, махаббат, ойын, табиғат, би, саяхат және т.б. сәттер. Мұрагерлік жолмен берілетін немесе жаңадан жасалатын дәл осындай көптеген сәттерден адам өзінің тұлғалық бітімін жинақтап сомдайды.

Өз өмірінде философиялық сәттерді жасау – оған өмірде белгілі бір орын беру дегенді білдіреді. Бұл сәт мектептен немесе университеттен де берілуі мүмкін. Ол кейінірек қандайда бір кездесу кезінде, кітап оқыған, әлде өмірдің мәні туралы, қызметтік беделге, мәдениетке, білімге және т.б. қатысты біздің алдымызда әлдебір бір мәселе туындаған кезде байқалуы мүмкін.

Философиялық сәттерді жасау – ол бізге дейін өмір сүрген адамдардың жалпы адамзаттық маңызы бар мәселелер жөнінде не ойлағанын білу... Философиялық мәдениетті жасау – тарихта аты шыққан және философиялық ортада есімдері әйгілі авторлардың шығармаларын оқу арқылы жүзеге асады. Ал философтар тек Грекия мен Еуропада ғана емес, басқа құрлықтарда да жеткілікті.

Философиялық мәдениетті игеру – философ болу үшін қажет алғышарт. Философиялық шығармалардың саны орасан көп. Философия әлеміне қалай ену керек? Тізім әсте «Философияның таңдаулы 25 кітабымен» шектелмейді. Бұл – осыдан бастаған жөн дейтін кітаптардың

алдыңғы легі ғана. Олар – оқуға арналған таңдамалы кітаптардың сипаттама баяны ғана.

Философиялық сәтті қалыптастыру философиялық мәдениетті игеру арқылы келеді, алайда, сонымен бірге, тағы бір өлшем бар. Ол – дербес ойлау қабілеті.

### **Философияға бойлау құралдары**

Меніңше, алғашқы құрал – кітапхана болуы керек. Екінші құрал – ол оқу күнделігін түзу. Үшінші – референттік топты қалыптастыру.

**1) Кітапхана.** Барлық оқыған және әлі оқылмаған кітаптарды реттеу үшін жеке кітапхана маңызды құрал болып табылады. Кітап қорын жаңа тақырыптармен, атаулармен және жаңа авторлармен үздіксіз толықтырып отыру маңызды. Бұл өзінше бір эволюциялық дамудың өлшемі. Осы бір құралдың философия тарихында ерекше маңызды орны бар. Барлық атақты философтардың жеке кітапханалары болған. Қазіргі кезде кітапты көпшілік кітапханаларда немесе интернеттен оқуға еш кедергі жоқ, дегенмен, жеке кітапхана жинау, кітаптарға қажет кезде қайта оралу мүмкіндігі өте маңызды. Алғашқы оқылған кітаптар немесе түсіндірмелер оқырман үшін таптырмас құндылық болмақ. Уақыт өте келе, кей кезде біз сол кітаптарға деген қажеттілікті сеземіз. Философиялық шығармаларды оқу және оларды қайта оқу өзіміздің жеке тұжырымдарымызды ой елегінен өткізіп, өңдеп отыруға көмектеседі.

**2) Оқу күнделігі.** Кітап оқу жас философтардың бойында ақпаратты қабылдау және жирену реакциясын қабат туғызып отырады. Философияға дендеп бойлау кітап оқу арқылы жүреді. Алдыңғы философтардан келіп жеткен сұрақтар мен жауаптарға қатысты өзіміздің көкейімізде

өрбіген пікірталасты жинақтай білу қажет. Сол сауалдар мен көзқарастарға қатысты өз әсерімізді жазып, жауабы әлі табылмаған сұрақтарды анықтап отыру керек...

Ойды жинақтаудың көптеген формасы бар. Менің пікірімше, ойды ұйымдастырудың ең тиімді әдістерінің бірі – философиялық күнделік жүргізу. Мен Джон Локк, Марк-Антуан Жюльен, Мен де Биран мен басқа ойшылдардың дәстүрін жалғастыра отырып, осы бір технологияны елу жыл қолданып келемін.

Әңгіме – оқыған кітаптардың, бастан өткен оқиғалар мен болған кездесулердің әсерін жүрегіміздің тереңінде (П.Рикер) қайнап жататын толғаныстарды күнделікті сипаттап, сараптап отыру туралы. Уақыт өткеннен кейін ол күнделікті қайта оқып, өзіңді сынауға болады. Ол ойдың үдемелі қалыптасуына көмектеседі. Жак Деррида өзінің «Сөз туралы» трактатында күнделік жазбағанына өкінішін білдіреді. Менде ондай өкініш жоқ, өйткені 1964 жылы, 17 жасқа толғаннан бастап бүгінге дейін 250-ден астам дәптер жаздым. Студенттерге қолжетімді болу үшін мен оларды электрондық форматқа көшірдім.

**3) Референттік топ құру.** Философиялық сәтті жасау – ол, сондай-ақ, тиісті орта талап ететін құбылыс. Философ болу – философтар қауымдастығының мүшесі ретінде танылу, маман ретінде мойындалумен анықталады.

Тарих тұрғысынан алғанда философтың қалыптасуы басқа философтармен идея алмасу арқылы жүзеге асады... Ол үшін өзара хат алмасудың маңызы зор. Хат жазысу – туындаған мәселелерге қатысты сұрақ-жауап алмасып отыруға мүмкіндік береді. Референттік қауымдастық философиялық кемеліне келген және тәжірибелі тұлғалардан тұрғаны абзал.

Сократ заманынан бастап философияда шәкіртінің ұстазына және ұстазының



шәкіртіне жолдайтын сұрақ-жауап түрлері толассыз толығып келеді. Тәжірибелі суретшінің шеберханасында тағылымдама алып жатқан жас суретші сияқты, өзінің философиялық сәтін жасауға ниетті жастар да тәлімгерге, шеберханаға, философиялық ойлар мектебіне жақындауға тырысады. Қауымдастыққа мұндай ықыластылық қажетті білім мен дағдыны шыңдауды жеделдетуге мүмкіндік береді, кәнігі мамандардың тәжірибесін сіңіре отырып, өз бетімен жұмыс істеуге ынталандырады.

Философиялық күнделік жазуға бел байлаған адамдарға келер болсақ, оны референттік қауымдастық мүшелері арасында талқылау – пікір алмасу диалектикасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Белгілі бір сәтте философ өзінің ұстазынан және кәсіби ортасынан дербестікке ие болады.

Философиялық сәттеріміздің тарихында осындай тұлғааралық пікір алмасудың ізі сақталған. Кейде олар қандайда бір шығарма туралы айтылған әңгімеден басталып, өрістеп отырды. Қазіргі заман ойшылдарының ішінен біршама жемісті пікір алмасқандардың қатарына Жиль Делез бен Феликс Гваттариді атауға болады...

Мен өзім неміс философтарымен және педагог Габриель Вейгандпен жүздеген хат жазыстым. Олар менің неміс авторларының шығармашылығымен жақсы танысуыма көп көмектесті. Біздің студенттеріміз интернетке салған сол хаттарымызбен (француз және неміс тілдерінде) танысуға мүмкіндік алды... Менің бұдан басқа да хат алмасу тәжірибем мол, әйтсе де, уақыты (1985 жылдан бастап) және көлемі (2000 беттен астам) жағынан алғанда ең маңыздыларының бірі осы болды. Өмірімнің әр кезеңінде мен 130 адаммен хат алмасып, оларды сақтап қалдым. Сол корреспонденциялардың әрқайсысы өзінше ерекше, олардың қай-қайсысы да

философтың өз ортасында лайықты орнын иеленуіне жол ашқан талқыға мүмкіндік береді.

#### Ризашылық

Сөз соңында, осы кітабымды қазақ тіліне француз тілінен тікелей аударған Айымжан Рыскиева мен Әсет Құранбекке, ғылыми редактор Дәулетбек Раевқа, жалпы редакциясын басқарған Кенжехан Ісләмжанұлына өз ризашылығымды білдіргім келеді.

Аударма – философия тарихында өзіндік орны бар күрделі шаруа. 1994 жылы менен «Философияның таңдаулы 25 кітабын» жазуымды өтінген кезде Франкфурт мектебінің өкілі, антропология саласының маманы Кристоф Вульфтың кітабын неміс тілінен француз тіліне жасаған аудармамды енді ғана тәмамдаған едім. Бұл мен үшін үлкен жұмыс болды. Мұнымен аударманың философиялық сәтті қалыптастырудағы тағы бір маңызды сала екенін атағым келеді. Өзге мәдениетке бойлау және оны ана тілінде сөйлету – ерекше күрделі процесс. Кейбір дүниелер өзге тілге аударылғанда бастапқы мәнін өзгертіп, реңін жоғалтқандай болады. Ондайда философияның өзіне ғана оңтайлы тілі бола ма деген де ой келеді.

Осы кезге дейін менің еңбектерім он екі тілге аударылды. Мен үшін енді қазақ тілі да жаңа бір мәдениетке жол ашқан қақпаға айналып отыр. Әрбір аударманы еңбектерімді ой елегінен қайта өткізуге берілген мүмкіндік деп санаймын. Кез келген автордың өз шығармасын аударған маманмен кездесуі өмірдегі ерекше әсерлі сәттердің бірі. Біз аударма барысында туындаған қиындықтарды бірге талқылай аламыз. Осы қарым-қатынас бізге жаңа әлем ашуға мүмкіндік береді. Бұл мәдениетаралық қарым-қатынасқа бойлаудың философиялық тәсілі. Еңбектерімнің бірін қытай тіліне аударғанда аудармашымен үш апта бойы тізе қосып жұмыс істедік. Оған шығарманың сөздерінен бұрын логикасы мен

контекстің түсіндіру айтарлықтай қиынға соқты.

**Қазақ оқырмандарын философия ілімінің қауымына сусындатып, адамзат ақыл-ойының бай қазынасымен қауышуға жетелейтін аударма еңбектің келешегіне шын жүректен тілектестік білдіремін.**

Париж, 2017 жылғы 9 қазан

# Светлана Тер-Минасова



Светлана Григорьевна Тер-Минасова – М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, шет тілдері мен аймақтану факультетінің президенті



Осыдан мың жыл бұрын Ежелгі Грекияда талай жазушының әңгімесіне арқау болған мысал-әңгімелердің авторы Эзоптай дана адам өмір сүрген екен. Ол философ Ксанфтың құлы болыпты (франциялық Лафонтен мен ресейлік Крылов мысалдарының сюжеттері осы Эзоптан бастау алады деседі). Бірде Ксанф өз оқушыларына арнап салтанатты дастарқан жаймақ болады. Сөйтіп,

## Тіл мен мәдениет – әлем бейнесінің айнасы

Эзопқа дүниедегі ең дәмді тағамды әзірлеуді бұйырады. Эзоп қожайынның бұйрығына бойсұнып, базарға барып «тіл» сатып әкеледі. Кешкісін салтанатты кеште қонақтарды «тілден» жасалған әртүрлі тағаммен сыйлапты. Оның бұл қылығына қатты назаланған Ксанф: «Сен бізді мазақ етіп тұрсың ба? Мен саған әлемдегі ең дәмді тағамды әзірлеуді бұйырдым. Ал сен тек тіл сатып әкеліп, тілден ғана жасалған ас әзірлепсің. Сол қылығың үшін саған дүре соғуды бұйырамын», – дейді. Сонда Эзоп: «Тілден маңызды, тілден артық ештеңе жоқ. Тілсіз күнің қараң, сөйлей алмайсың, бұйыра алмайсың, алу да, беру де, сату да, сатып алу да қолыңнан келмес еді. Онсыз сен мемлекет құра алмайсың, оны ұстап тұратын заңдарды да жаза алмайсың. Тілдің арқасында сен бәріне қол жеткізесің, тіпті сенің философияң да тілдің арқасында жүзеге асып тұр, Ксанф», – деген екен.

Келесі күні Ксанф Эзопқа әлемдегі ең дәмсіз тағамды әзірлеуді бұйырады. Эзоп тағы да тіл сатып алып, тілден түрлі тағам әзірлеген екен. Бұл қылығы Ксанфты бұрынғыдан бетер ашуландырыпты: «Жексұрын, сен бізді тәлкек еткеніңді қашан қоясың? Кеше сен тілді әлемдегі ең дәмді тағам ретінде ұсынып едің, бүгін ең дәмсіз деп әкеп тұрсың. Сені жартастан лақтыруды бұйырамын!» – депті ызаға булығып. Эзоп: «Тілден жаман не бар? Дәл сол тіл ұрысқа себепкер болады, күмән тудырады, қызғаныштың көрігін қыздырып, қорлап мазақ етеді. Бұның соңы жанжалға ұласып, адамдарды өлімге душар етеді. Ксанф, мені де қазір тілдің арқасында жерден алып, жерге салып тұрсың ғой», – деп жауап береді.

Ғасырлар қойнауынан бізге жеткен осы бір шағын аңызда тілдің мәні мен маңызы әрі қысқа, әрі нақты, әрі анық берілген. Тіл – қарым-қатынас, яғни коммуникацияның басты құралы. Адамның оны қандай қажетіне жарататынына орай,

жақсылықтың да, жамандықтың да жаршысы бола алады.

Құдіретті Жаратушымыз күллі тіршілік иелерінің ішіндегі ең естісі һәм саналысы етіп Адамды жаратқандықтан, оның басқалардан айырмашылығы – қасиетті тілінде. Ежелгі қауымдық құрылыс адамдарының қорғансыз сәби кейпінен бүгінгідей бүкіл жаратылыстың Падишахына айналып, алып дүлей жыртқыштарды (мамонт, азуы алты қарыс жолбарыс) жеңіп шығуына өткір азу немесе жезтырнақ көмектескен жоқ, Ұлы мәртебелі тілдің дамыған, кең таралған, нәзік коммуникация жүйесі көмектесті. Тілдің арқасында әлемді танып-біліп қана қоймадық, сонымен бірге сол танымымыз бен білімімізді, жинаған тәжірибемізді келесі ұрпаққа қалдыруға мүмкіндік туды. Жазудың пайда болуы – бұл мүмкіндіктердің одан әрі нығайып, кеңінен етек жаюына ықпал етті.

Дана Эзоп дұрыс айтады – тілдің мәні мен маңызы әрі мүмкіндігі оны адамның қалай қолданатынымен тікелей байланысты. Адам оны жақсылық пен жамандықтың да, мейірімділік пен қатыгездіктің де қаруы ете алады. Тап қазіргідей тіл арқылы қарым-қатынас жасау мәселесі ешуақытта өзекті болмаған еді.

Мәдениетаралық коммуникация – қарым-қатынас теориясы мен тәжірибесінің ерекше көкейкестілігін айқындайтын жаңа пән. Мәдениетаралық коммуникация проблемаларына қазір бүкіл әлемнің ынтасы ерекше ауып отыр. Оның жақсылы-жаманды себептері көп.

Әлемнің бұған ерекше ықылас танытуының жақсы жақтары әрине, жетерлік: Ғылыми-техникалық прогресс, интернеттің қиял-ғажайыбы, әлемнің кез келген түкпірінен мобильді телефон, компьютер, теле және радиобайланыс арқылы «көзді ашып-жұмғанша жылдам хабар алдырған» коммуникацияның алғырлығы.

Бұл – XXI ғасырдың кереметі.

Ұлтаралық, мәдениетаралық, тұлғааралық байланыс миллиондаған адамға ешқандай кедергісіз жол ашты. Бірақ ғылымның ұлы жетістіктерінің игілігін көруге тілдер мен мәдениеттер арасындағы түсінбеушіліктің алынбас қамалы бөгет болуда. Соның салдарынан араздықтар өршіп, шиеленістер жиі туындауда.

Осы түсініспеушіліктен мәдениетаралық коммуникацияға деген шектен тыс қызығушылықтың кері ықпалын да пайымдаймыз:

Адамзаттың жаңа тарихындағы геосаяси катаклизмдер әлем халқының миллиондап босқынға айналуына, жер аударылуына, көші-қонның күшеюіне ықпал етті. Тілдік және мәдени проблемалар адамдар қауымының татулығына сызат түсіріп, этникалық жанжалдар өршіп, оның соңы қан төгістің, соғыстың басталуына әкеп соғуда.

Бұның салдары барлық ксенофобия мен агрессияның, адамзаттың болашағына қауіп төндіретін, адам айтса нанғысыз әлемдік толқуларға бастайтынын естен шығармау керек.

Осы жағдайда білімнің жаңа әрі жас саласы – мәдениетаралық коммуникацияның дамуы – ғылымның бірінші кезектегі міндетін айқындап алға шығарды. Бұл асыра бағалаушылық емес. Біз ғылым мен техниканың заманауи ғажайыптарына, сондай-ақ адам факторларының да дамып, жоғары маңызға ие болғанына куә болып отырмыз. Адамзаттың өмір сүру салтын, дағдыларын, салт-дәстүрін, дүниетанымы мен менталитетін, құндылықтар жүйесін, басқаша айтқанда, біздің заманымызда антропологиялық немесе этнографиялық мағынада мәдениет деп атауға үйренген жұрттың бәріне түсінікті термин адамның ішкі-сыртқы әлемін толығымен таныта алмайды. Бұған жұрттың бәріне түсінікті және үйреншікті жан дүние, жылы жүрек ұғымдарын қосыңыз, «жүрекке әмір жүрмейді» дегендей, адамның техникалық тұрғыдан қол жеткізген жетістігіне, айналып келгенде адамның өзі кедергі келтіруде.

Шындығында, осындай «ұсақ-түйек нәрсе» адамзат баласының қол жеткізген ғылыми-техникалық жетістігіне нұқсан келтіреді деп кім ойлаған. Ғылыми-техникалық прогрестің басты мақсаты – адамзат баласын жарқын болашаққа жетелеу. Бірақ ғылым мен техниканың жолында оған, керісінше, рөл атқаратын тілдік және мәдени кедергілер ылғи тосқауыл болуда.

Мінеки, сондықтан да қарым-қатынас үдерісінде, ең алдымен, әртүрлі мәдениетті, әртүрлі тілді адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз ету мақсаты еріксіз туындайды.

Мәдениетаралық коммуникация – күллі ғылымдар терминдерін пайдаланатын пән аралық ғылым. Шынында да, философ, тілші, мәдениеттанушы, психолог, әлеуметтанушы, тарихшы, географ, биолог, геолог, химик, физик және т.б., бір сөзбен айтқанда, гуманитарлық, жаратылыстану ғылымының барлық өкілі адам әлемін, оның материалдық, рухани өмірін, қызметін және мәдениетін жан-жақты терең зерделеп білуі үшін бір арнаға тоғысады.

Сонымен, кім адамды зерттесе, кім адамдық қарым-қатынас байлығын молынан пайдаланғысы келсе, кім адамдарды мәдениетаралық, этносаралық шиеленістерден құтқарғысы келсе, солардың барлығы да тіл тылсымына бойлайтын ғылымның жас, бірақ өте қажетті, көкейкесті саласы – мәдениетаралық коммуникация пәнімен танысқаны абзал. Егер де бұл кітап адамдарға ортақ тіл табысуға мысқалдай да болса септігін тигізіп, тым болмағанда бір шиеленістің алдын алған болса, онда ол бекер жазылмағаны.

**Ә р и п т е с т е р і м е ,  
аудармашыларға, баспагерлерге  
және осы кітаптың оқырмандары  
– ұлы қазақ халқының тіл  
сүйер қауымына зор құрмет,  
ізгі ниет, махаббатпен** – автор,  
М.В. Ломоносов атындағы ММУ-  
дің еңбек сіңірген профессоры  
Светлана Григорьевна ТЕР-  
МИНАСОВА

# 2018 ЖЫЛЫ АУДАРЫЛАТЫН КІТАПТАР




## **An Introduction to Human Resource Management, 3rd edition**

Авторы: Nick Wilton  
ISBN-10: 1473954193  
ISBN-13: 978-1473954199  
Тілі: English  
Баспасы: SAGE Publications  
Жылы: 2016  
Бет саны: 520  
Бірінші басылымы: 2010




## **Business Communication Today, 14th edition**

Авторлары: Courtland L. Bovée, John V. Thill  
ISBN-10: 0134562186  
ISBN-13: 978-0134562186  
Тілі: English  
Баспасы: McGraw-Hill Education  
Жылы: 2017  
Бет саны: 704  
Бірінші басылымы: 1986




## **Diplomacy: Communication and the Origins of International Order**

Авторы: Robert F. Trager  
ISBN-10: 1107627125  
ISBN-13: 978-1107627123  
Тілі: English  
Баспасы: Cambridge University Press  
Жылы: 2017  
Бет саны: 318  
Бірінші басылымы: 2017




## **Essentials of Organizational Behavior, 14th edition**

Авторлары: Stephen P. Robbins, Timothy A. Judge  
ISBN-10: 0134523857  
ISBN-13: 978-0134523859  
Тілі: English, Russian  
Баспасы: Pearson  
Жылы: 2017  
Бет саны: 400  
Бірінші басылымы: 1984




## **Essentials of Strategic Management: The Quest for Competitive Advantage 5th Edition**

Авторлары: John Gamble, Arthur Thompson Jr., Margaret Peteraf  
ISBN-10: 1259546985  
ISBN-13: 978-1259546983  
Тілі: English  
Баспасы: McGraw-Hill Education  
Жылы: 2017  
Бет саны: 496  
Бірінші басылымы: 2008




## **International Business Law and the Legal Environment A Transactional Approach, 3rd edition**

Авторы: Larry A. DiMatteo  
ISBN-10: 1138850985  
ISBN-13: 978-1138850989  
Тілі: English  
Баспасы: Routledge  
Жылы: 2017  
Бет саны: 654  
Бірінші басылымы: 2009




**International Business: Competing in the Global Marketplace, 12th edition**

Авторлары: Charles W. L. Hill, Dr. Tomas Hult  
ISBN-10: 1260390071  
ISBN-13: 978-1260390070  
Тілі: English  
Баспасы: McGraw-Hill Education  
Жылы: 2018  
Бет саны: 704  
Бірінші басылымы: 1992




**International Law, 8th edition**

Авторы: Malcolm N. Shaw  
ISBN-10: 1316638537  
ISBN-13: 978-1316638538  
Тілі: English  
Баспасы: Cambridge University Press  
Жылы: 2017  
Бет саны: 1118  
Бірінші басылымы: 1991




**Learning Theories: an Educational Perspective, 7th edition**

Авторы: Dale H. Schunk  
ISBN-10: 0134013484  
ISBN-13: 978-0134013480  
Тілі: English  
Баспасы: Pearson  
Жылы: 2015  
Бет саны: 592  
Бірінші басылымы: 1990



**Literary Theory: A Practical Introduction, 3rd edition**

Авторы: Michael Ryan  
ISBN-10: 111906175X  
ISBN-13: 978-1119061755  
Тілі: English  
Баспасы: Wiley-Blackwell  
Жылы: 2017  
Бет саны: 304  
Бірінші басылымы: 1998



**Literary Theory: An Anthology, 3rd edition**


Авторлары: Julie Rivkin, Michael Ryan  
ISBN-10: 1118707850  
ISBN-13: 978-1118707852  
Тілі: English  
Баспасы: Wiley-Blackwell  
Жылы: 2017  
Бет саны: 1640  
Бірінші басылымы: 1997



**Principles of Marketing, Global edition, 17th edition**


Авторлары: Philip T. Kotler, Gary Armstrong  
ISBN-10: 013449251X  
ISBN-13: 978-0134492513  
Тілі: English  
Баспасы: Pearson  
Жылы: 2018  
Бет саны: 736  
Бірінші басылымы: 1980

# 2018 ЖЫЛЫ АУДАРЫЛАТЫН КІТАПТАР




## **Orientalism**

Авторы: Edward W. Said  
ISBN-10: 0141187425  
ISBN-13: 978-0141187426  
Тілі: English, Russian  
Баспасы: Penguin books  
Жылы: 2003  
Бет саны: 396  
Бірінші басылымы: 1979




## **Panorama: A World History, 1st Edition**

Авторы: Ross E. Dunn, Laura J. Mitchell  
ISBN-10: 0073407046  
ISBN-13: 978-0073407043  
Тілі: English  
Баспасы: McGraw-Hill Education  
Жылы: 2015  
Бет саны: 944  
Бірінші басылымы: 2015




## **Philosophy in the Modern World: A New History of Western Philosophy, Volume 4**

Авторы: Anthony John Patrick Kenny  
ISBN-10: 0199546371  
ISBN-13: 978-0199546374  
Тілі: English  
Баспасы: Oxford University Press  
Жылы: 2008  
Бет саны: 364  
Бірінші басылымы: 2007



## **Media and Journalism: New Approaches to Theory and Practice, 3rd edition**

Авторлары: Jason Bainbridge, Nicola Goc, Dr Elizabeth Tynan  
ISBN-10: 0195588010  
ISBN-13: 978-0195588019  
Тілі: English  
Баспасы: Oxford University Press  
Жылы: 2015  
Бет саны: 504  
Бірінші басылымы: 2008




## **Rethinking Pedagogy for a Digital Age: Designing for 21st Century Learning, 2nd edition**

Авторлары: Helen Beetham, Rhona Sharpe  
ISBN-10: 0415539978  
ISBN-13: 978-0415539975  
Тілі: English  
Баспасы: Oxford University Press  
Жылы: 2013  
Бет саны: 352  
Бірінші басылымы: 2007




## **Strategic Management of Technological Innovation, 5th edition**

Авторы: Melissa A. Schilling  
ISBN-10: 1259539067  
ISBN-13: 978-1259539060  
Тілі: English  
Баспасы: McGraw-Hill Education  
Жылы: 2017  
Бет саны: 336  
Бірінші басылымы: 2005




### The History of Languages: An Introduction

Автори: Tore Janson  
ISBN-10: 0199604290  
ISBN-13: 978-0199604296  
Тілі: English  
Баспасы: Oxford University Press  
Жылы: 2011  
Бет саны: 304  
Бірінші басылымы: 2011




### The Language Instinct: How the Mind Creates Language

Автори: Steven Pinker  
ISBN-10: 0061336467  
ISBN-13: 978-0061336461  
Тілі: English, Russian  
Баспасы: Harper Perennial Modern Classics  
Жылы: 2007  
Бет саны: 576  
Бірінші басылымы: 2007




### The Psychology of the Internet, 2nd edition

Автори: Patricia Wallace  
ISBN-10: 1107437326  
ISBN-13: 978-1107437326  
Тілі: English  
Баспасы: Cambridge University Press  
Жылы: 2016  
Бет саны: 392  
Бірінші басылымы: 1999



### The Rise of Modern Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 3

Автори: Anthony John Patrick Kenny  
ISBN-10: 0198752768  
ISBN-13: 978-0198752769  
Тілі: English  
Баспасы: Oxford University Press  
Жылы: 2008  
Бет саны: 376  
Бірінші басылымы: 2007



### The Story of Art, 16th Edition

Автори: Ernst Hans Josef Gombrich  
ISBN-10: 0714832472  
ISBN-13: 978-0714832470  
Тілі: English, Russian  
Баспасы: Phaidon Press  
Жылы: 1995  
Бет саны: 688  
Бірінші басылымы: 1950



### Семиосфера

Автори: Юрий Лотман  
ISBN: 5-210-01488-6  
Тілі: Russian  
Баспасы: Искусство—СПБ  
Жылы: 2010  
Бет саны: 704  
Бірінші басылымы: 2000





